ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

(қарар бөлігі)

2023 жылғы 20 шілде №7119-23-00-2/7065 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Б.Бакишев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «01826 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Садыкова» Садыкова Альбина Санаққызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 267-1 – 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «01826 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова» Садыкова Альбина Санаққызына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова» Садыкова Альбина Санаққызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Садыкова» Садыкова Альбина Санаққызынан мемлекет пайдасына 284 551 (екі жүз сексен төрт мың бес жүз елу бір) теңге тұрақсыздық айыбын және 10 261 (он мың екі жүз алпыс бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 20.07.2023
Заңды күшіне енген күні: 05.09.2023, судья Бакишев А. Б., 17.09.2023
7119-23-3-1/6808

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья А.Б.Бакишев

Құжатқа қол қойылған: Бакишев А. Б., 20.07.2023

Заңды күшіне енген күні: 05.09.2023, судья Бакишев А. Б., 17.09.2023

7119-23-3-1/6808